Panasonic F-VXH50R Ауа Тазартқышын Пайдалану Нұсқаулығы

Ылғалдау функциясы бар ауа тазартқыш

Panasonic Пайдалану Жөніндегі Нұсқаулық

F-VXH50R Үлгісі

4824084

Panasonic®

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Ылғалдандыру функциясына ие ауа тазартқыш

Үлгісі № **F-VXH50R**

Бұл құрылғы тек қана үй-жайлардың ішінде пайдалануға арналған.

Мазмұны . . . . . .Бет

Бөліктерінің сипаттамасы 3
Сақтық шаралары 4
Пайдалану талаптары 7
Дайындық . . . . . 8~10

Пайдалану тәсілдері 11
• Басқару панелі/Алдыңғы көрсетілім 11
• Ауа ағымын, ауа көлемін және Econavi және Spot Air режимдерін таңдау 13

Күту және техникалық қызмет көрсету 14
• Құрылғы ұзақ уақыт бойы күту режимінде 16

Қосымша ақпарат 18
• Сүзгіні ауыстыратын болжамды уақыт 18
Жиі қойылатын сұрақтар 21
Ақауларды іздеу және жою 22
Сипаттамалары / Қосымша жабдықтары . . . . . .Артқы қақпақ

Кепілдік талоны қоса беріледі

Panasonic компаниясының осы құрылғысын сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

- Оны дұрыс әрі қауіпсіз пайдалану үшін осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқыңыз.
- Одан бөлек, пайдаланар алдында "Сақтық шаралары" тарауын (4-6-беттер) міндетті түрде оқып шығыңыз.
- Кепілдік талонында сатып алынған күні мен дистрибьютор компанияның атауын қоса алғанда, дұрыс ақпарат жазылғанына көз жеткізіңіз.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты әрі қарай қолдану үшін сенімді жерде сақтаңыз.

«Mega Catcher» және «nanoe™» режимдері ауаның ылғалды әрі таза болуын қамтамасыз етеді.

■ Егер сезбек ауа ластанғанын анықтаса, алдыңғы панель кең ашылады және «Mega catcher» сіңіру функциясы жұмыс істей бастайды.

■ «nanoe™» технологиясымен жабдықталған.

■ «Econavi» режимінде энергияны аз тұтыну.

■ «nanoe™» технологиясы туралы

«nanoe™» – заманауи нанотехнологиялар көмегімен өндірілетін, су бөлшектерімен қапталған / ионды нанобөлшектер болып табылады.

«nanoe™» технологиясы аллергиялық заттар※2, бактериялар мен зеңді※3 залалсыздандыру★※1 және жоюды, жағымсыз иістерді кетіруді※4 қамтамасыз етеді. Оған қоса, бұл технология терінің ылғалдануына жағдай жасайды.

★ <заттардағы бактериялар> Іс жүзінде қолдану ортасында емес, көлемі 10m³ жабық кеңістікте 240 минут сынау нәтижесі.

★ <ауадағы бактериялар> Іс жүзінде қолдану ортасында емес, көлемі 1m³ жабық кеңістікте 24 сағат сынау нәтижесі.

Иіс кетіру әсері қоршаған ортаға (температура/ылғалдылық), жұмыс уақытына, иіс/талшық типіне байланысты.

- Іс жүзіндегі нәтиже бөлме жағдайы мен пайдалану тәсіліне байланысты әртүрлі болады.
- Бұл өнім медициналық жабдық болып табылмайды.

※1 <ауадағы бактериялар>
- Сынақ жүргізуші ұйым: "Kitasato Research Center of Environmental Sciences"
- Сынақ әдісі: сынақ жүргізілетін 10 м³ бөлмеде жиналған бактерияларды тікелей таратып, олардың санын өлшеу.
- Залалсыздандыру тәсілі: "nanoe™" жіберу
- Нысана: ауадағы бактериялар
- Сынақ нәтижесі: 240 минутта бактериялардың 99%-дан астамы жойылды. [Сынақ нөмірі 21_0142]

<заттардағы бактериялар>
- Сынақ жүргізуші ұйым: "Kitasato Research Center of Environmental Sciences"
- Сынақ әдісі: көлемі 1 м³ тестілік контейнер ішіндегі матаға сіңген бактерия санын өлшеу.
- Залалсыздандыру әдісі: "nanoe™" жіберу
- Нысана: матаға сіңген бактериялар
- Сынақ нәтижесі: 24 сағатта бактериялардың 99,9%-дан астамы жойылды. [Сынақ нөмірі 20_0154_2]


※2
- Сынақ жүргізуші ұйым: «Panasonic Electric Works Analysis Center Co. Ltd «
- Сынақ әдісі: көлемі 45 л сынақ контейнеріне тікелей тозаң таратып, "ELISA" әдісімен өлшеу
- Жою әдісі: "nanoe™ " жіберу
- Нысана: тозаң (жапон балқарағайы)
- Сынақ нәтижесі: 120 минутта тозаңның 99%-дан астамы жойылды. [E20-080303IN-03]

※3
- Сынаққа тапсырыс беруші: “Japan Food Research Laboratory”
- Сынақ әдісі: көлемі 6 татамилік сынақ бөлмесіндегі бактерия санының өзгерісін өлшеу.
- Залалсыздандыру тәсілі: "nanoe™" жіберу
- Нысана: ауадағы зең бактериялары
- Сынақ нәтижесі: 60 минутта зең бактерияларының 99%-дан астамы жойылды. [205061541 -001]

※4
- Сынақ жүргізуші ұйым: «Panasonic Electric Works Analysis Center Co. Ltd»
- Сынақ әдісі: көлемі 250 литр сынақ контейнеріндегі иіс қарқынын 6 фазалы тұтынуын қолдану арқылы тескеріс жүргізу.
- Иіс кетіру әдісі: "nanoe™" жіберу
- Нысана: сіңіп қалған шылым иісі
- Сынақ нәтижесі: 30 минутта иіс қарқыны 1,9-ға дейін түсті. [E02-090313MH-01]. Иіс қарқыны 1-ге түскені 90%-ға төмендегенін білдіреді (қарқындылықтың 1-деңгейі - адам иісті өте әлсіз сезе алатын деңгей)

Бөліктерінің сипаттамасы

Алдыңғы бөлігі




Артқы бөлігі



«Mega catcher» туралы

Сезбек (19-бет) ауаның ластануын анықтаған кезде, алдыңғы панель, оларды күшейтілген ауа ағынымен сіңіру үшін ластану деңгейі мен түріне сәйкес кең ашылады. (Ауа ағынының типі, 20-бет)



Сақтық шаралары

Келесі сақтық шараларын үнемі сақтап отырыңыз

Бұл сақтық шаралары сіздің қауіпсіздігіңізді көздейді. Қажетсіз жарақат алып, өнімнің өзін және басқа мүліктердің зақымдалуын болдырмау үшін оларды оқып, қатаң сақтаңыз.

■ Келесі таңбалар өнім нұсқаулыққа сай қолданылмаған жағдайда туындауы мүмкін қауіп пен жарақат деңгейлерін саралайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ	Аспапты дұрыс пайдаланбау салдарынан туындауы мүмкін жарақаттану немесе мүлік шығыны қаупін көрсетеді.
АБАЙ БОЛЫҢЫЗ	Өлім немесе ауыр жарақат қаупін ескертеді.

■ Бұл нұсқаулықта нақты бір элементке арналған қосымша ақпаратты көрсететін бірқатар таңбалар қолданылады: (Таңбалар төменде мысал ретінде келтірілгөн)


	Бұл таңба тыйым салынған әрекеттерді білдіреді.
	Бұл таңба орындалуға міндетті әрекеттерді білдіреді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Өрт, электр тоғының соғуы сияқты жазатайым жағдайларды болдырмау үшін.

■ **Аспапты жылжытқанда немесе сақтағанда қуат баусымынан тартпаңыз.**
(Бұл қысқа тұйықталу тудыруы немесе баусым ішіндегі сымды зақымдауы мүмкін; бұл сонымен қатар өрт шығуына немесе электр тоғының соғуына әкелуі мүмкін.)

■ **Штепсельді су қолмен ұстамаңыз.**
(Электр тоғы соғу қаупі бар.)



■ **Қуат баусымын немесе штепсельді зақымдауы мүмкін әрекет жасамаңыз.**
Қуат баусымы зақымдалған, өзгертілген, шамадан тыс иілген немесе созылған болмауы керек.
Сонымен қатар оған ауыр заттар қоюға болмайды. (Электр тоғының соғу немесе өрт шығу қаупі бар.)

- Баусым мен штепсельге қандай да бір жөндеу жүргізуге қатысты дистрибьютор компаниямен кеңесіңіз.

■ **Шамадан тыс жүктелген рәзеткілерді немесе электрмонтаж жабдығын пайдаланбаңыз және 220В 50Гц айнымалы тоқтан басқа қуат көздерін пайдаланбаңыз.**
Егер штепсель берік орнатылмаса, электр тоғы соғуы немесе қызып кету салдарынан өрт шығуы мүмкін.

■ **Штепсельді мезгіл-мезгіл тазалап тұрыңыз.**
Егер штепсельге шаң жиналса, ылғалдылық оқшаулаудың зақымдалуына себеп болып, тұтануына әкелуі мүмкін.

- Штепсельді желіден ажыратып, құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Егер аспап ұзақ уақыт қолданылмаса, штепсельді суырыңыз.

■ **Аспапты тазалар алдында міндетті түрде штепсельді өшіріңіз.**
(Аспап кенет жұмыс істей бастап, электр тоғының соғуына немесе жарақат алуға әкелуі мүмкін.)

■ **Балалардың аспаппен ойнауына жол бермеңіз.**
(Электр тоғы соғуының немесе жарақат алудың себептері.)



■ **Аспапты тазарту үшін құрамында қышқыл немесе хлор бар жуғыш заттар қолданбаңыз.**
(Бұл жуғыш құралдар зиянды газ бөлуі мүмкін.)

■ **Ауа кіретін және шығатын саңылауларға саусағыңызды немесе металл заттарды салмаңыз.**
(Құрылғының ішкі элементтеріне жанасу электр тоғының соғуына немесе жарақат алуға әкелуі мүмкін.)

Сақтық шаралары

Келесі сақтық шараларын үнемі сақтап отырыңыз

■ **Штепсельді тығыз орнатыңыз.**
Егер штепсель берік орнатылмаса, электр тоғы соғуы немесе қызып кету салдарынан өрт шығуы мүмкін.
- Зақымдалған штепсельді және қабырғаға бекітілмеген рәзеткілерді пайдаланбаңыз.

■ **Аспапқа ылғал түсуіне жол бермеңіз.**
(Әйтпесе қысқа тұйықталу салдарынан өрт шығуы немесе электр тоғы соғуы мүмкін.)



■ **Бұл аспапты бөлшектемеңіз және түрлендірмеңіз.**
(Аспапты бөлшектеу немесе түрлендіру ақау шығуына немесе тұтануына әкелуі мүмкін.)
- Кез келген тексеріс жүргізу үшін дистрибьютор компаниямен кеңесіңіз.

ЕСКЕРТУ

Егер келесі жағдайлардың бірі орын алатын болса, аспапты өшіріп, бірден дилерлік немесе сервистік орталыққа жүгініңіз.
- Егер ауыстырып қосқыштардың бірі жұмыс істемесе.
- Егер автоматты өшіргіш іске қосылса немесе сақтандырғыш күйіп кетсе.
- Егер қуат баусымы немесе штепсель тым ыстық болса.
- Егер сіз күйіктің иісін сезсеңіз немесе біртүрлі дыбыс не діріл естісеңіз.
- Егер басқа қандай да бір кемшілік не ақау болса.

Қуат баусымы зақымдалса, ол қауіп төндірмеу үшін өндірушімен, оның сервистік агентімен немесе тиісті біліктілігі бар тұлғамен ауыстырылуы тиіс.

Бұл аспап физикалық, сенсорлық немесе ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың (балаларды қосқанда), қауіпсіздікке жауапты адам қадағалаған немесе пайдалану мәселесі бойынша нұсқау берген жағдайларды қоспағанда, тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз тұлғалардың қолдануына арналмаған.
Балалар қадағалануы және аспаппен ойнамауы керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

Аспапты келесі жерлерге қоймаңыз:
- Қауіпсіздікке кепілдік берілмейтін (құлау және жарақаттау мүмкіндігі бар) жерлер
- Температура мен ылғалдылық тым жоғары немесе су тиюі мүмкін жуынатын бөлме сияқты жерде.
  (Тоқ кемуі мүмкін, бұл электр тоғының соғуына немесе жануына әкелуі мүмкін.)
- Ауада май болуы ықтимал, асүй сияқты орындарда.
  (Кері жағдайда, аспап корпусының бүтіндігі бүлініп, салдарынан жарақаттауы мүмкін.)
- Май немесе жанғыш газдардың кемуі мүмкін жерлерде.
  (Кері жағдайда аспаптың тұтануы салдарынан жануы мүмкін.)
- Ауа ағыны жануарларға немесе өсімдіктерге бағытталған жағдайда.
  (Сусыздануды қоздырады.)

Аспапқа отырмаңыз және сүйенбеңіз
(кері жағдайда жарақат алуыңыз немесе аспап зақымдалуы мүмкін.)

Аспапты төңкермеңіз.
(Егер суы төгіліп кетсе, жануы немесе электр тоғы соғуы мүмкін)

Тесілген немесе зақымдалған бакты пайдаланбаңыз
(Бұл су ағуына және жиһаздың суланuуына әкелуі мүмкін.)


Сақтық шаралары

Келесі сақтық шараларын үнемі сақтап отырыңыз

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Тасымалдағанда

- Аспапты өшіріп, бак пен науаны босатыңыз (егер су төгілсе, жиһазды сулауы мүмкін)



- Оң және сол жақ тұтқаларынан ұстаңыз, (егер аспапты торынан және алдыңғы панелінен ұстап жылжытсаңыз, аспап құлап, жарақаттауы мүмкін)

Шылым немесе хош иісті заттар сияқты ұшпа немесе тез тұтанатын заттардың аспап ішіне түсуіне жол бермеңіз.
(Өрт шығуы мүмкін.)

Аспапты тазалау үшін спирт сияқты еріткіштерді немесе сұйылтқыштарды қолданбаңыз, сонымен қатар аспаптың жәндіктерге арналған бүріккішпен жанасуына жол бермеңіз.
(Аспап шытынап, жарақаттауы немесе қысқа тұйықталу болып, электр тоғының соғуына немесе өрт шығуына әкелуі мүмкін.)

Аспапты, бөлмеде ыстаушы қолданылатын жерде пайдаланбаңыз.
(Аспаптың ішіне химиялық қалдықтар жиналып, ауа шығаратын саңылаудан шашырауы мүмкін, бұл денсаулыққа қауіп төндіруі мүмкін.)

- Ыстаушы пайдаланған соң аспапты қосар алдында бөлмені жақсылап желдетіңіз.

Штепсельді өшіргенде баусымнан емес, штепсельден тартыңыз.
(Кері жағдайда, сымның үзілуі немесе қысқа тұйықталуы салдарынан жануы немесе э лектр тоғы соғуы мүмкін.)

Егер аспапты жылытқышпен бірге қолдансаңыз, бөлмені желдетіңіз.
(Иіс газымен улану болуы мүмкін.)

- Бұл аспап иіс газын кетірмейді.

Негізгі аспаптың ішкі бөлігі таза болу үшін бакта үнемі су болуын қадағалаңыз.

- Бактағы суды күнделікті ауыстырыңыз.
- Аспаптың ішкі бөлігін мезгіл-мезгіл тазалап отырыңыз.
  (Егер ішкі бөлігі кірленсе немесе қабыршық пайда болса, зең не бактерияның басқа да түрлерінен жағымсыз иіс шығып, адам денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.)
  Егер өзіңізді жайсыз сезінсеңіз, дәрігерге жүгініңіз.

Пайдалану талаптары

■ **Аспапты келесі жерлерге қоймаңыз:**

- Аспапқа күн сәулесі немесе салқындатқыштан шығатын ауа ағыны тікелей түсетін жерге. (Әйтпесе, сырт пішіні өзгеріп, сапасы нашарлап, түссізденуі және істен шығуы мүмкін.)
- Терезе немесе басқа нысандар ылғалдылық сезбегінің жұмысына кедергі келтіретін жерге (Әйтпесе, ылғалдылық сезбегі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін)
- Теледидар немесе радионың жанына (Кері жағдайда, кескіннен ақау шығуы немесе шу естілуі мүмкін)

  → Аспапты штепсельдері бір рәзеткіге қосылған құрылғылардан 1 м немесе одан алыс қойыңыз, себебі кескіннен ақау шығуы немесе шу естілуі мүмкін. Бұл жағдайда штепсельді басқа рәзеткіге орнатыңыз.

■ **Негізгі аспапқа ешқандай зат қоймаңыз.**
(Әйтпесе, жұмысынан кемшілік шығуы немесе жарамсыз болуы мүмкін.)


- Аспапқа магнит немесе металл заттар қоймаңыз.
  (Аспап аударылса, автоматты тоқтату үшін қолданылатын кіріктірілген магнит қосылып, тексеру көрсеткіші жанады да, аспап жұмысын тоқтатады.)

■ **Төмен температурадабакты күнделікті босатыңыз.**
(Егер аспап төмен температурада жұмыс істесе, бұл оның істен шығуына әкелуі мүмкін.)

■ **Егер аспап ұзақ уақыт бір жерде тұрса.**
(Аспапты бір орында ұзақ уақыт пайдалану аспаптың жанындағы қабырғалар мен еденнің кірленуіне әкелуі мүмкін.
Біз аспапты арасында жылжытып тұруға кеңес береміз.)

Егер аспапты келесі жерге жылжытсаңыз тиімді болады!

■ **Оны тозаңға қарсы контршара ретінде еденге жақын орнатыңыз.**
Тозаң немесе шаң еденге жақын ұшуы мүмкін, біз оны бөлмедегі еденге орналастыруға кеңес береміз.




■ **Бөлмеде тиімді ауа ағынын қамтамасыз ету үшін**
Ауа тартатын және ауа шығаратын саңылауларды бұғаттамау үшін аспапты оның оң, сол жақтары мен жоғарғы жағы қабырға, жиһаз және пердеден кем дегенде 30 см алыс тұратындай етіп орнатыңыз.
Аспап тиімді жұмыс істеу үшін артқы бөлігі қабырғадан кем дегенде 1 см алыс тұруын қадағалаңыз.

Дайындық

Қосар алдында

1 Орнатылған күнін заттаңбаға жазып қойыңыз.



■ Ауыспалы құрамдас сүзгі
● Шамамен 10 жылда бір рет ауыстыру керек

Ауыспалы сүзгі Үлгі №. **F-ZXHP55Z**
Алғаш қолданылған күні

■ Ауыспалы иіс кетіргіш сүзгі
● Егер ескі сүзгінің тиімділігі азайып жұмыс істесе, сүзгіні жаңасына ауыстырыңыз (10 жылда бір рет)

Ауыспалы сүзгі Үлгі №. **F-ZXHD55Z**
Алғаш қолданылған күні

■ Ауыспалы ылғалдауыш сүзгі
● Ылғалдауыш сүзгіні шамамен 10 жылда бір рет ауыстыру қажет (күнде 8 сағат пайдаланған жағдайда

Ауыспалы сүзгі Үлгі № **F-ZXHE50Z**
Алғаш қолданылған күні

Ескерту:

● Орнатар алдында міндетті түрде 4-6-беттерді оқыңыз.


Сүзгілерді орнату

2 Иіс кетіргіш сүзгіні полиэтилен пакеттен шығарыңыз.


① Алдыңғы панельді шешіңіз.



② Сүзгінің тұтқышы жоғары көтеріп, сүзгіні шешіңіз (2 тип).




③ Иіс кетіргіш сүзгіні полиэтилен қаптан шығарыңыз.




※ Иіс кетіргіш сүзгінің қара торын шешпеңіз.

4


5



Power Off/On


ECONAVI
Add
30 40 50 60 70





30
or less
40 50 60
Humidity
indicator (%)
70
or more

Power Off/On


Пайдалану тәсілдері

1 Аспапты іске қосыңыз.



2 Жұмыс режимін таңдаңыз.

«Clean/Humid.» үш режимінің бірін таңдаңыз.



Автоматты жұмыс үшін

- Аспап ластану мен ылғалдылық дәрежесіне байланысты автоматты түрде ауаны тазартып, ылғалдылықты реттейді. Ауа ағыны мен ауа көлемі автоматты қадағаланады (Оларды қолмен орнату мүмкін емес)
- Егер су болмаса, аспап «Clean Air» режиміне өтеді.
- «nanoe™»-ны белсендіру барысында
- Электр энергиясын үнемдеу үшін → Econavi

Ауаны тазарту үшін ※

- Су қажет емес
- «nanoe™»-ны белсендіру барысында
- Ауа ағыны мен ауа көлемін анықтау үшін → Airflow Dir. Air Volume
- Электр энергиясын үнемдеу үшін → Econavi


※ Егер бакта су қалса, шамалы ылғалдау жүреді. (Бактағы су жайлап азаяды.) Егер ылғалдау қажет болмаса, су бағы мен су науасын босатуды өтінеміз.

Ауаны бір уақытта тазарту және ылғалдау үшін.


- Аспап сусыз жұмыс істей алмайды.
- «nanoe™»-ны белсендіру барысында
- Ауа ағымы мен ауа көлемін көрсету үшін → Airflow Dir. Air Volume
- Электр энергиясын үнемдеу үшін → Econavi

※ Ауа көлемі мен «Econavi» режимі жайлы толық ақпаратты келесі беттен қараңыз.

3 Жұмыстың аяқталуы



Балалардан қорғау




(3 секунд бойы ұзақ басу) (Көрсеткіш жанып тұр)

Бұл балалардың аспаппен ойнауына жол бермейді. Child Lock осы баптаудың арқасында, батырмасынан өзгеше батырманы басқанда, аспап екі рет дыбыс шығарып, жауап бермейді.

■ Оны белсенсіз ету үшін

3 секунд бойы қайта ұзақ басу (көрсеткіш өшірулі)

Таймер



(Көрсеткіш жанып тұр)

Timer: «2 hours Timer, 4 hours Timer немесе Sleep (8h)» режимін белсендіру үшін осы батырманы басыңыз. «Sleep (8h) режимінде» алдыңғы көрсеткіштер мен ауа көлемін көрсеткіштер өшірулі. Жоғарыдағы қосулы көрсеткіштер сөнеді және аспап төмен жылдамдықта жұмыс істей бастайды.


■ Оны белсенсіз ету үшін

Осы батырманы «2 hour timer, 4 hour timer және sleep» көрсеткіштері өшкенше қайта басыңыз.


Пайдалану тәсілдері

Ауа ағынын және ауа көлемін өзгерту үшін

Ауа ағынын өзгерту




(Көрсеткіш жанып тұр)



Қосу үшін
батырманы басыңыз

Ауа ағынын ластану түріне байланысты өзгерту.

● Аспап алдыңғы панель мен тор арқылы түрлі ауа ағындарын өндіреді. (20-бет)




«Dust» және «Odor" автоматты түрде ауыстырылып қосылады.


Тозаң сияқты «аса сезімтал заттар жойылады.

Шылым иісі және түтіні жойылады.

Ауа көлемін өзгерту




(Көрсеткіш жанып тұр)



Қосу үшін
батырманы басыңыз

Белгіленген ауа ағынында жұмыс істеу үшін



Ауа көлемі автоматты ауысып қосылады.

Ылғалдау жылдамдығы артады.
Ауадағы шаң-тозаң жылдам жойылады.


Минималды ауа көлемімен тыныш жұмыс
(ылғалдау және ауадағы шаң-тозаңды жою баяулайды)

Econavi режимінде жұмыс істеу үшін

Econavi



(Көрсеткіш жанып тұр)



Электр энергиясын үнемдеу үшін

● Econavi батырмасын басыңыз, «Econavi operation» режимі іске қосылады.
«Econavi operation» – «patrol режимі» мен «learning режимін» біріктіру арқылы автоматты түрде энергия үнемдеу режиміндегі жұмыс.
Ауа көлемі автоматты түрде реттеледі, (20-бет)

● Сіз ұйқыға жатқанда, бөлме қараңғы болады және аспап төмен ауа көлемімен жұмыс істейтін "Sleep Mode Auto Operation" режиміне өтеді.

■ Оны белсенсіз ету үшін

Оны тағы бір рет басыңыз (көрсеткіш өшірулі) сондай ақ "Clean Air" және "Clean/Humid" баптаулары да Air Volume батырмасын басу арқылы баптала алады.


Spot Air режиміне кіріңіз



Қосу үшін батырманы
басыңыз



(Көрсеткіш жанып тұр)



"Swing" режимінде жұмыс істеу үшін

«Spot» режимінде жұмыс істеу үшін

■ «Spot Air» режимінен шығыңыз

Air Volume батырмасын басыңыз немесе
Airflow Dir.

Кеңестер


● «Econavi» режимін «Spot Air функциялары» режимінде белсендіру мүмкін емес.


Күту және техникалық қызмет көрсету

Күтім жасау және қызмет көрсету алдындағы сақтық шаралары

- Міндетті түрде штепсельді суырыңыз.
- Оң жақтағы суретте көрсетілгендей жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз,
- Оттекті ағартқышты тек ылғалдауыш сүзгі үшін қолдануға болады,
- Химиялық жолмен өңделген шүберекті пайдаланғанда міндетті түрде нұсқаулыққа сай әрекет етіңіз.







- Сүзгінің екі өсі бар – жіңішке және жуан Су науасын қайта қосқанда абай болуыңызды өтінеміз.
- Бакты шешіңіз және науаны шығарыңыз

Ескерту


- Иіс кетіргіш сүзгі қызмет көрсетуді қажет етпейді.
- Негізгі аспапты және алдыңғы панельді дымқыл жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.Қатты матамен сүртпеңіз және қатты баспаңыз. Кері жағдайда, беті зақымдалуы мүмкін. Штепсельді құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Егер композитті ауа сүзгісі алынған болса, аспапты пайдаланбаңыз. (Шаң аспаптың ішіне түседі, бұл оның бұзылуына әкелуі мүмкін. Аспап композитті ауа сүзгісі болмаса жұмыс істемейді),
- Егер, иіс кетіргіш сүзгі алынса, аспапты пайдаланбаңыз. (Аспап иіс кетіргіш ауа сүзгісі болмаса жұмыс істемейді).
- Тазалау кезінде, алынған бөлшектерді қараусыз қалдырмаңыз (қараусыз қалған бөлшектерге шалынап қалуыңыз немесе оларды зақымдап алуыңыз мүмкін)

Күту және техникалық қызмет көрсету

Композитті ауа сүзгісі < Екі аптада бір рет немесе соған жуық уақытта >

Қара түсті (алдыңғы) жағын шаңсорғышпен өңдеңіз.

(Орнату және бөлшектеу тәсілдері → 8-9-беттер)




- Ұқыпты. Қатты баспаңыз.
- Артқы (ақ) жағы қызмет көрсетуді қажет етпейді.
- Сүзгіні еш уақытта сумен жумаңыз.

Ластану сезбегі < 3 айда бір рет немесе соған жуық уақытта >


Линзадағы кірді құрғақ мақта тампонымен сүртіңіз.

- Линзаны мезгіл-мезгіл сүртіп тұрыңыз.
  (Сезбек темекі тұмшасымен ластанған немесе дымқыл болса қалыпты жұмыс істей алмайды)

❶ Ластану сезбегінің сыртқы қаптамасын алыңыз



❷ Линзаны құрғақ мақта тампонымен суретте көрсетілгендей сүртіңіз.



• Егер оны көру қиын болса, жарықтандырғыш қолдануыңызға болады.

- Мақта тампонын линзалардан басқа ештеңеге тигізбеңіз.
- Бұл әрекетті жасамас бұрын міндетті түрде штепсельді рәзеткіден суырыңыз.

Бак <күнделікті>

Сумен шайыңыз

- Кетуі қиын дақтар
  → Кетуі қиын дақтарды жылы суға немесе асүйге арналған нейтралды жуғыш құрал қосылған суға малынған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.



Күту және техникалық қызмет көрсету

Науа (айына бір рет немесе соған жуық уақытта ※1)


Саңырауқұлақшаға қарсы сүзгіні алыңыз
Сумен шайыңыз

- Кірді тампон көмегімен сүртіңіз немесе оны тазалау үшін тіс қылшағын қолданыңыз.
- Қалтқыны шығарып алмаңыз (пенополистирол)
- Кетуі қиын дақтар

→ Кетуі қиын дақтарды жылы суға немесе асүйге арналған нейтралды жуғыш құрал қосылған суға малынған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.

Саңырауқұлақшаға қарсы сүзгі (шамамен айына бір рет ※1)

Оны асүйге арналған нейтралды жуғыш құрал ерітіндісіне салып, сумен жуыңыз.



- Оны асүйге арналған нейтралды жуғыш құрал қосылған жылы суға 30 минутқа салып, содан кейін 2-3 рет таза сумен шайыңыз.
- Оны қылшақпен ысқыламаңыз және бөлшектемеңіз.
- Оны орнатқанда бірқалыпты ұстаңыз және науаның иілген жағына орнатыңыз.

■ Саңырауқұлақшаға қарсы сүзгі функциялары

Саңырауқұлақшаға қарсы құралмен энзимдерді жою.
Сынақ жүргізуші ұйым: (Foundation) Japan Food Research Laboratory».
Сынақ әдісі: Бактериялар мен зеңнің пайда болуының алдын алатын әдісті (Halo әдісі) тексеру
Тәсілі және орны: Саңырауқұлақшаға қарсы сүзгіні науаға орнатыңыз.
Сынақ нәтижесі: Зең мен бактерия пайда болуының алдын алу тиімділігін тексеру


Кеңестер

- Саңырауқұлақшаға қарсы сүзгі құрамында кейде ұнтақ болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және мәселе болып табылмайды.
- Саңырауқұлақшаға қарсы құралдың көлемі пайдалану мөлшеріне байланысты азаяды. Бұл саңырауқұлақшаға қарсы сүзгінің жұмысына әсер етпейді.
- Саңырауқұлақшаға қарсы құралдың өзіне тән иісі бар, бірақ оның зияны жоқ.

※1 Ластану су сапасына байланысты болғандықтан, егер жағымсыз иіс шықса немесе бактағы су мөлшері баяу азайса, тіпті техникалық қызмет көрсеткен соң бір ай ішінде қайта техникалық қызмет көрсету қажет болуы мүмкін.

Құрылғы ұзақ уақыт күту режимінде

① Аспапты рәзеткіден ажыратыңыз. (Аспап тіпті күту режимінде де электр тұтынады)
② Бак пен науаны босатып, оларға күтім жасауды өтінеміз.
③ Аспаптың ішкі бөліктерін мұқият кептіріңіз. (Әйтпесе, аспап тот басу салдарынан істен шығуы мүмкін.)
Ылғалдауыш сүзгіні салқын жерде кептіріңіз. (Саңырауқұлақшаға қарсы)
• Оларды полиэтилен пакетке салып, ылғалдылығы төмен жерде сақтаңыз. (Егер сіз оларды көлденең күйінде сақтап,
④ содан кейін оны төңкеретін болсаңыз, бұл істен шығуына әкелуі мүмкін.)



1

2

3 ①

②

Қосымша ақпарат

Сүзгіні ауыстырудың болжамды уақыты

	Ауыстырудың стандартты кезеңі	Шарттары
Композитті ауа сүзгісі	Сүзгіні ауыстыру көрсеткіші жанғанда (10 жылда бір рет немесе сол уақытқа жуық)※2	Сүзгіні ауыстыру көрсеткіші, күніне алты шылым шегілуі болып табылады. ('Japan Electrical Manufacturer's Association JEM1467")
Иіс кетіргіш сүзгі		

(Опционалды жабдықтар: артқы қақпақ)

※2 Сүзгіні ауыстыру мерзімі қоршаған орта мен қолданылатын тәсілге байланысты әдеттегіден қысқа болуы мүмкін. (Мысалы, жиі шылым шегілетін үйде.) Аспап тиімсіз болғанда ауыстыруды өтінеміз,

- Ауыстырған соң Child Lock Timer батырмаларын басып, сүзгі ауыстыру көрсеткіші өшкенше 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз (ауыстыру аяқталғаннан кейін). Содан кейін ауыстырылған күнді заттаңбаға жазып, оны аспаптың артқы бөлігіне жапсырыңыз,
- Қолданылған сүзгіні тұтанбайтын қоқыс ретінде кәдеге жаратуыңызды өтінеміз.

	Ауыстырудың стандартты кезеңі	Шарттары
Ылғалдағыш сүзгі	120 айда бір рет немесе соған жуық уақытта※3	Аспап күніне 8 сағат жұмыс істейді (әзірлеуші өткізген сынақтарға сәйкес)

※3 Ылғалдауыш сүзгінің қызмет ету мерзімі су сапасына байланысты өзгеруі мүмкін. Келесі жағдайлардың кез келгенінде оны дереу ауыстырыңыз.

- Оған қызмет көрсеткеннен кейін иіс кеткен жоқ.
- Ол айтарлықтай зақымдалған.
- Бактағы су мөлшері азаймайды.

- Ауыстырған соң орнатылған күнін заттаңбаға жазып, оны негізгі аспаптың артқы бөлігіне жапсырыңыз.
- Қолданылған сүзгіні тұтанбайтын қоқыс ретінде кәдеге жаратуыңызды өтінеміз. Ылғалдағыш сүзгіні ауыстырғанда сүзгінің жақтауы мен пластинасын тастамаңыз.

«nanoe™» туралы

Өндіру ортасы

- nanoe™" ауадағы ауа көмегімен және температура мен ылғалдылыққа байланысты түзіледі, nanoe™ "тұрақсыз түзілетін жағдайлар болуы мүмкін.

Кішігірім көлемде озон түзілетін болады.

- nanoe™" иондары түзілген кезде, аздап озон бөлінеді. Сонымен қатар, оның мөлшері табиғи жағдайлардағыдан, мысалы, ормандағыдан анағұрлым төмен.

- Өндіру шарттары
  Бөлмедегі температура: шамамен 5°C - 35CC (конденсация температурасы: 2°C-тан жоғары)
  Салыстырмалы ылғалдылық: шамамен 30-85%

Композитті ауа сүзгісінің функциясы

Биозалалсыздандыру және «super allergy buster» функцияларының арқасында, шаң жинайтын сүзгі аллергиялық заттарды (тозаң, тітіркендіретін кене өлекселері), саңырауқұлақшаларды, бактерияларды және зеңді жояды.

- Биозалалсыздандыру: Саңырауқұлақшаларды※1, бактерияларды және зеңді※2 жояды.

※1 Сынақ жүргізуші ұйым: «(Foundation) Japan Food Research Laboratory»
Сынақ әдісі: “Halo” әдісінің қолданылуын растау.
Жою тәсілі: биозалалсыздандыруды пайдалану.
Нысана: Бактериялар сүзгіге түсті.
Сынақ нәтижесі: 99%-дан астам бактерия жойылды. [№ 204051292-002]

※2 Сынақ жүргізуші ұйым: “(Foundation) Japan Food Research Laboratory”
Сынақ әдісі: зең бактерияларының пайда болуының алдын алу әдісін тексеру (Halo әдісі).
Жою тәсілі: биозалалсыздандыруды пайдалану.
Нысана: Бактериялар мен зең сүзгіге түсті.
Сынақ нәтижесі: Бактериялар мен зең пайда болуының алдын алудың тиімділігін «Halo» тестінің көмегімен тексеру. [№207060074-002]

Қосымша ақпарат

● Композитті бактерияға қарсы сүзгі: аллергендердің (тозаң, үйдегі кенелер және олардың нәжісі) белсенділігін басады

Сынақ жүргізуші ұйым: «Osaka Municipal Technical Research Institute».
Сынақ әдісі: иммунды-ферментті сорбент көмегімен аллергендерді (кенелерді) азайту.
Жою әдісі: «Super allergy buster сүзгісін» пайдалану.
Нысана: Аллерген заттар (кене, тозаң) сүзгіге түсті
Сынақ нәтижесі: Аллергендердің 99% астамы жойылды. [Daiku № 2127 зерттеу есебі]


- Композитті ауа сүзгісі өзіне тән бірақ зияны жоқ «көк шай жапырақтарынан алынған кахетин», «бактерияға қарсы энзимдер» және «Super Allergy buster сүзгісінің» иісін шығаруы мүмкін.

Автоматты ұйқы режимі

Бөлмедегі жарық деңгейін жарық сезбегінің көмегімен анықтап, басқару панелі мен алдыңғы көрсетілімнің, сонымен қатар ауа көлемінің жарықтығын автоматты реттейді.

● «Sleep mode auto operation» режимінде тазалық көрсеткішінің жарықтығы өзгеруі мүмкін.

① Жұмысын тоқтатып, артынша [Timer] және [Econavi] батырмаларын бірге басып, ұстап тұрыңыз.
(Ауа көлемін көрсеткіштер кезекпен жанады)
② Қажет жарық деңгейіне жеткенде, батырмаларды босатыңыз.



Автоматты ұйқы режимі 1 (Sleep Mode Auto 1)
Ұйқы режиміне автоматты ауысы жоқ (No Sleep Mode Auto)
Автоматты ұйқы режимі 2 (Sleep Mode Auto 2)

(«Sleep mode auto 1» үнсіз келісіммен баптауы аспап алғаш қолданылғанда.)

Автоматты ұйқы режимін баптау	Дисплей бөлігі	Бөлме ішіндегі жарық	
		күңгірт	қараңғы
Автоматты ұйқы режимі 1 (Sleep Mode Auto 1)	басқару панелі	Толық қосулы	Жартылай қосулы
	алдыңғы көрсетілім	Жартылай қосулы	Өшірулі
Автоматты ұйқы режимі 2 (Sleep Mode Auto 2)	басқару панелі	Толық қосулы	Жартылай қосулы
	алдыңғы көрсетілім	Жартылай қосулы	Жартылай қосулы
Ұйқы режиміне автоматты ауысы жоқ (No Sleep Mode Auto)	басқару панелі	Толық қосулы	Толық қосулы
	алдыңғы көрсетілім	Жартылай қосулы	Толық қосулы

● Ауа көлемі «Hi», «Med» және «Lo»болып тұрса, ол өзгермейді.

Иіс сезбегінің/ластану сезбегінің функциясы

Сезбек ауаның ластану деңгейін анықтап, оны тазалық көрсеткішінің көмегімен көрсете алады. Аспап ластану деңгейіне сәйкес автоматты жұмыс істегенде ауа көлемін автоматты оңтайландыра алады.

● Егер аспаптың жанына жылытқыш қойылса, сезбектің жұмысы бөлме ішіндегі ауа ағынына байланысты өзгеруі мүмкін.

Түрі	Сезгіштік ауқымы	Анықтай алады
Иіс сезбегі	• Шылым, хош иісті заттар, әзірленген тамақ және үй жануарларының иісі. • Косметика, алкоголь, дезодарант және т. б.	• Ылғалдылық (су буы), майлардың буы • Ауа температурасының күрт өзгеруі, мысалы, есік ашылғанда немесе жабылғанда.
Ластану сезбегі	• Үйдегі шаң (шаң, кенелердің өлексесі мен нәжісі, зең споралары, тозаң және т. б.) • Түтін (шылым, хош иісті заттар және т. б.)	• Майлар булары мен су буланулары

Қосымша ақпарат

Ауа ағынының түрі

Аспап ластану түріне және деңгейіне байланысты, тор мен алдыңғы панель оңтайлы қалыпқа өтетіндей жұмыс істейді.

Авто

Аспап ластануды барынша тиімді жою үшін ауа ағыны функциясын ауаның ластану түріне сәйкес жеке қолданады.

■ Ауаның ластану дәрежесі және тор мен алдыңғы панель орнын ауыстыру функциясы

Ластанған ауа	Тазалық көрсеткіші	Тор қызметтері	Алдыңғы панель қызметтері	Сурет
Тазалық дәрежесі	Көк	Бағытты ауыстыру	Жабық	Ⓐ
Жағымсыз иіс және түтін анықталды	Қызыл	Жоғары	Алға ашылады	Ⓑ
Тұрмыстық шаң анықталды	Қызыл	Алды	Жоғарыға қарай ашылады	Ⓒ
Иіс, түтін және үйдегі шаң анықталды.	Қызыл	Бағытты ауыстыру	Жоғарыға қарай ашылады	Ⓓ


Қолмен ашу үшін

Иіс және түтін

Алдыңғы панель ауадағы иіс пен түтінді тиімді сіңіреді. Адамдар шылым шеккенде немесе тағам дайындағанда, иіс пен түтін бір уақытта жойылады. (Ⓑ суреті)

Тұрмыстық шаң

Алдыңғы панельдің төменгі бөлігі үйдегі шаңды, әсіресе өсімдіктер гүлдегенде еденге көп жиналатын тозаңды сіңіреді. (Ⓒ суреті)




- Ауа көлемі "Hi" режимінде тұрғанда, аспап алдыңғы панелі ашық күйінде жұмыс істей алады.
- Аспап қосылғаннан кейін 10 минут бойы ашық алдыңғы панельмен жұмыс істейді.

Econavi жұмысы

Бұл аспап бөлмедегі ауаның ластану деңгейін сағат сайын анықтайтын «patrol режимін» (қадағалау режимі) және аспап кірдің пайда болуын күн сайынғы ластану уақытын зерттеу арқылы болжай алатын «learning режимін» (үйрету режимі) бір уақытта қолданатын автоматты режим.

Ауа таза болғанда жұмысын автоматты тоқтату арқылы энергия үнемдейді. Сонымен қатар, аспап кірді тиімді жою арқылы жұмыс уақытын азайтып, алдын ала жұмыс істейді.



Бақылау режимі

Ауа тазарған соң аспап жұмысын тоқтатады. Қадағалау режимінде ауа көлемі «Med» деп орнатылса, жұмысын 50 минутқа тоқтатқан соң аспап 10 минут бойы жұмыс істейді.

- Қадағалау режимінде жұмыс тоқтағанда, ластану анықталса, аспап ластануға сай келетін ауа көлемімен жұмыс істей алады.
- Егер "Full Auto" және "Clean/Humid." режимдері орнатылса, бөлме ауасы таза болса да, аспап бөлме ішіндегі ауаның ылғалдылығына сай жұмыс істейді.

Үйрету режимі

Жұмыс істеу барысында уақыт пен ауаның ластануын жадына жазып, күтілетін ластанудың пайда болуынан 5 минут бұрын алдын ала жұмысты іске қосады.

(Жазбалар күнделікті жаңартылса да, қуат көзінен ажыратылған соң алдыңғы жазбалар жойылады.)

Жиі қойылатын сұрақтар

Аспапты жөндеуге жібермес бұрын келесіні анықтауыңызды өтінеміз.

Q1 Ылғалдау кезінде ауа ағыны суық па?

A

- "Full Auto" немесе "Clean/Humid." режимінде жұмыс істегенде, ылғалдауыш сүзгідегі ылғалда су болғандықтан және ауадағы жылуды сіңіретіндіктен, аспап температурасы бөлмедегіден төмен суық ауа ағынын шығарады.

Q2 Ылғалдау кезінде бу шықпайды ма?

A

- Бұл аспапта құрамында ауа ағыны түскенде суды қайнатпай, ылғал өндіретін суы бар ылғалдағыш сүзгі бар, сондықтан бу шықпайды.

Q3 Ылғалдау дәрежесі төмендеуі мүмкін бе?

A

- Ылғалдылық жоғары болса немесе ауа райы суық болғанда ылғалдау дәрежесі бөлменің температурасына және ылғалдылыққа байланысты өзгеруі мүмкін. Ауа құрғақ әрі жылы болған кезде ылғалдау дәрежесі артады.

Q4 Ылғалдылық көрсеткіші қызыл болып жанып тұр ма?

A

■ Көрсеткіш 70 or more үнемі қосулы

- Аспап орнатылған орнына байланысты ылғалдылықты дұрыс өлшемеуі мүмкін.
  → Орнатылған орнын ауыстырыңыз, (7-бет)



(Ылғалдылық көрсеткіші)

■ Көрсеткіш 30 or less үнемі қосулы

- Бөлменің көлемі бұл аспап үшін тым үлкен бе?
  → Бөлме көлемінің аспапқа сай келетінін тексеріңіз. (Артқы қақпақ)

Кеңестер

- Ылғалдылық көрсеткішін тек анықтама ретінде қолдануыңызды өтінеміз.
- Оның көрсеткіштерінің кейде үй гигрометрі көрсеткіштерінен айырмашылығы болуы мүмкін.
- Ылғалдылық көрсеткіші температураға байланысты өзгеруі мүмкін.
- Ылғалдылық та ауа ағынының күйіне байланысты өзгеруі мүмкін.

Q5 Шығаратын саңылаудан ызыңдаған дыбыс естіледі ме?

A

- nanoe™ жұмыс істегенде әлсіз дыбыс шығуы мүмкін. Пайдалану ортасы мен жұмыс режиміне байланысты, дыбыс деңгейі өзгеруі мүмкін, бұл қалыпты жағдай.

Q6 Ылғалдағыш сүзгі түсін өзгерте ме?

A

- Сүзгі судың сапасына байланысты түсін өзгертуі мүмкін. Бұл аспап жұмысына байланысты мәселе емес.

Q7 Терезе мен қабырғада шық пайда болды ма?

A

- Бөлмедегі ылғалдылық бірқалыпты болса да, суық терезеде немесе қабырғаларда шық пайда болуы мүмкін.


Q8 Тазалық көрсеткіші өзгермейді. Алдыңғы панель үнемі ашық. (Сезбектің сезгіштігін өзгертіңіз)

A

- Мұндай мәселелер сезбектің сезгіштігі жоғары/төмен болғанда пайда болуы мүмкін. Сіз белгілі бір сезгіштікті орнатып, сезбекті реттей аласыз. (Үнсіз келісіммен қойылатын баптау – "Med" – аспапты алғаш қосқанда қолданылады)

① Аспаптың жұмысын тоқтатыңыз, Econavi және Air Volume батырмаларын бір уақытта басып, ұстап тұрыңыз.
(Ауа көлемін көрсеткіштер кезекпен жанады)

② Қажет сезгіштікті орнатқан соң батырмаларды босатыңыз.



Орташа: Орташа сезгіштікті орнату
Жоғары: Жоғары сезгіштікті орнату
Төмен: Төмен сезгіштікті орнату

(Ауа көлемін көрсеткіш)

Q9 Алдыңғы көрсетілімді өшіру үшін

A

- Аспаптың алдыңғы көрсетілімін өшіруге болады
  - Алдыңғы көрсетілімді өшіру үшін Жұмыс барысында Air Volume және Clean·Humid. батырмаларын 3 секунд бірге басып тұрыңыз.
    (Аспаптың алдыңғы көрсетілімі өшірулі)
  - Алдыңғы көрсетілімді қайта қосу үшін дәл сол батырмаларды 3 секунд бойы бірге басып тұрыңыз.
    (Аспаптың алдыңғы көрсетілімі қосулы)

Q10 Жұмыс кезінде алдыңғы көрсетілімі өшірулі.

A

- Бөлме ішіндегі жарықты анықтап, "Автоматты ұйқы режимі" функциясының көмегімен алдыңғы көрсетілімнің жарықтығын реттейді.

Қосымша ақпарат


Ақауларды табу және жою 1

Мәселе туындаған жағдайда оны ең алдымен төмендегі кестеге жүгіну арқылы шешіп көріңіз. Егер мәселе шешілмесе, штепсельді рәзеткіден суырып, жөндеу үшін дилерге жүгінуді өтінеміз.

Қазір	Келесіні анықтауыңызды өтінеміз.
① Тазалық көрсеткіші жұмыс жалғасқан кезде де қызыл болып жанып тұр	● Аспапқа жуынатын бөлмедегі немесе бүріккіштен шығатын бу тигенде, көрсеткіш қызыл болып жануы мүмкін. ● Ол сары түспен жанып тұрса , бұл құмның ұшып жатқанын білдіреді. ● Ластану сезбегі кірленді ме? (15-бет)
② Автоматты жұмысты тоқтату мүмкін емес	● «Clean Air-"және «Auto Vol.» баптауларында → Бөлмедегі ауа таза болса да, аспап «Lo» режимінде жұмыс істейді. ● «Full Auto» и «Clean/Humid., Auto Vol.» баптауларында → Бөлмедегі ауа таза болса да, аспап бөлмедегі ауаның ылғалдылығына сай жұмыс істейді.
③ Ауа ластанғанның өзінде, тазалық көрсеткіші көк түсте қалады.	● Аспап ластанған ауаны тазарту қиын жерде орналасқан немесе бөлменің көлемі аспап үшін тым үлкен бе? (7-бет, Артқы қақпақ) ● Ластану сезбегі кірленді ме? (15-бет)
④ Ластанған ауаны тазарту қиын	● Композитті ауа сүзгісі ластанды ма? (15-бет) → Оны тазартыңыз. Егер мәселе шешілмесе, сүзгіні жаңасына ауыстырыңыз.
⑤ Дыбыс бар	● Ылғалуыш сүзгісі жұмыс істеп тұрған кезде, кейде су тамшылары пайда болуы мүмкін Бұл қалыпты құбылыс. ● Су бактан аққанда дыбыс шығарады. Бұл қалыпты құбылыс. ● Power Off/On, Airflow Dir. немес Spot.Air батырмаларын басқанда алдыңғы панель мен тордың қасынан дыбыс естілуі мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс. ● Ылғалдауыш сүзгіні бекіткіштің жақтауында 6 ұстағыш бар ма?
⑥ Әлсіз ауа ағыны	● Композитті ауа сүзгісі немесе ылғалдауыш сүзгі ластанды ма? (15-17-беттер) → Оны тазартыңыз. Егер мәселе шешілмесе, сүзгіні жаңасына ауыстырыңыз.
⑦ Аспаптан жағымсыз иіс шығады	● Негізгі аспап, алдыңғы панель немесе композитті ауа сүзгісі ластанды ма? → Оны тазартыңыз. Егер мәселе шешілмесе, сүзгіні жаңасына ауыстырыңыз. (Аспап шылымнан шығатын зиян көміртек тотығын жоя алмайды.) (14-17-беттер) ● Су бағы, су науасы немесе ылғалдауыш сүзгі ластанды ма? ● Су бағындағы су жаңа құбыр суына күнделікті ауыстырылады ма? Аспап «Clean Air» режимінде қосылғанда бак науасын босатуыңызды өтінеміз. ● Аспап өткір иісі бар үй-жайда пайдаланылды ма? ● Егер ол темекі шегілген немесе ет қуырылып жатқан үй-жайда пайдаланылса, сүзгіні ауыстыру кезеңділігі қысқаруы мүмкін. → Егер аспап сондай немесе соған ұқсас ортада қолданылса, біз аспаппен бірге желдету жүйесін іске қосуға кеңес береміз.
⑧ Бактағы судың мөлшері азаймауы мүмкін, бірақ жұмыс көрсеткіші жанып тұр және аспап ауаны ылғалдамайды.	● Ылғалдауыш сүзгі ластанды ма? (17-бет) ● Ылғалдылық мәні «70% немесе одан жоғары» ма? → «Auto» режимінде «Ауа ағыны» орнатылғанда, (мысалы «Full Auto» режимінде) және ылғалдылық мәні «70 % немесе одан жоғары» болғанда, ылғалдылықтың қажет деңгейін қамтамасыз ету үшін, аспап ылғалдандыруды тоқтатады (Бөлмедегі ауа тазарғанда, тор жабылады және аспап күту режиміне өтеді.) ● Аспап ішіндегі науа дұрыс орнатылды ма?

Ақауларды табу және жою 2

Мәселе туындаған жағдайда оны ең алдымен төмендегі кестеге жүгіну арқылы шешіп көріңіз. Егер мәселе шешілмесе, штепсельді рәзеткіден суырып, жөндеу үшін дилерге жүгінуді өтінеміз.

Қазір	Келесіні анықтауыңызды өтінеміз.
⑧ Бактағы судың мөлшері азаймауы мүмкін, бірақ жұмыс көрсеткіші жанып тұр және аспап ауаны ылғалдамайды.	● Ылғалдауыш сүзгі дұрыс орнатылды ма? (17-бет) → Егер ылғалдауыш сүзгі дұрыс орнатылмаса, аспап дыбыс шығарады және ауаны ылғалдамайды. ● Саңырауқұлақшаға қарсы сүзгі дұрыс орнатылды ма? (16-бет)
⑨ Ылғалдылық жоғарыламайды	● Бөлменің көлемі аспап үшін үлкен бе? (Артқы қақпақ) ● Бәлкім бөлме желдетілетін шығар, немесе еденге кілем төселген бе? → Егер еденге кілем төселсе, кейде ылғалдылықты арттыру қиын болады (бұл нақты желдету жағдайларына, еден және қабырға материалына байланысты болуы мүмкін).
⑩ Науаның ішінде конденсат бар	● Аспап жұмысын тоқтатқан соң немесе бөлменің іші суық болса, конденсат түзілуі мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс.
⑪ Су толтыру көрсеткіші жыпылықтап немесе жанып тұр 	● Бакқа су толтырылған ба? (9-бет) Көрсеткіш жылтылдап тұр: Су «Clean/Humid.» режимінде қолданылған. (Аспап жұмысын тоқтатады.) Көрсеткіш жанып тұр: «Full Auto». (Аспап «Clean Air» режиміне өтеді) → Ылғалдауды жалғастыру үшін бакқа су құйыңыз.(9-бет) Power Off/On батырмасын екі рет басыңыз, аспап қайта жұмыс істей бастайды.
⑫ Бакта су болса да, су толғанын көрсеткіш жыпылықтауын немесе жануын жалғастыруда.	● Аспап ішіндегі науа дұрыс орнатылған ба? Негізгі аспап еңкейіп тұр ма? → Аспапты тегіс және тұрақты бетке немесе еденге орнатыңыз. ● Су толтырған соң (су толтыру көрсеткіші жыпылықтап немесе жанып тұрғанда), Power Off/On батырмасын екі рет басыңыз, содан кейін су толтыру көрсеткіші сөніп, аспап қайта жұмыс істей бастайды.
⑬ Тексеру көрсеткіші жанып тұр 	● Негізгі аспап аударылды ма? → ① Аспапты рәзеткіден ажыратыңыз. ② Негізгі аспапты орнына қойыңыз. (Ондағы суды төгіңіз) ③ Аспапты 6 сағат бойы қолданбаңыз. (Егер аспапқа су тамшылары түскен болса, бұл уақыт оны әбден кептіру үшін керек) ④ Аспапты қайта қосыңыз, ол жұмыс істейтін болады. ● Сіз негізгі аспапқа әсер ететін сілку, еңкейту немесе басқа да сол сияқты әрекеттер жасадыңыз ба? → Штепсельді рәзеткіден суырыңыз, содан кейін оны қайта қосыңыз. ● Сіз аспаптың үстіне магнит немесе қандай да бір металл зат қойдыңыз ба? → Штепсельді резеткіден суырыңыз, содан кейін оны қайта қосыңыз.

Егер келесі шарттардың кез-келгені орындалса, дилерге хабарласыңыз.

⑭ Тексеру көрсеткіші жанып тұр Ауа көлемінің барлық көрсеткіштері жыпылықтап тұр	● Негізгі аспап сынған → Қуат кәбілін ажыратыңыз және аспапты жөндеу үшін дилерге жіберіңіз.

Сипаттамалары / Қосымша жабдықтары


СИПАТТАМАЛАРЫ

Үлгі №.	F-VXH50R					
Қуат көзі	220В~ 50Гц					
Жұмыс режимі	Ауаны тазарту			Ауаны тазарту/ылғалдау		
Ауа көлемін баптау	"Hi" (жоғары)	"Med (орташа)	"Lo" (төмен)	"Hi" (жоғары)	"Med (орташа)	"Lo" (төмен)
Энергия тұтынуы (Вт)※1	45	9	6	45	13	9
Ылғалдану дәрежесі (мл/сағ)※2	–※3	–※3	–※3	500	230	150
Ауа көлемі (м/мин)	5,1	1,9	0,9	4,9	2,3	1,3
Қызмет көрсетілетін аудан	40м²-ге дейінгі әдеттегі тұрғын бөлме			26м²-ге дейінгі әдеттегі тұрғын бөлме		
Бактың көлемі	2,3Ш)					
Қуат кәбілінің ұзындығы	2,0(М)					
Аспаптың өлшемдері	360(мм) x [230(мм) + (Тірек: 10 (мм))] x 560 (мм) (Е Х Т Х Б)					
Аспаптың салмағы	8,6КГ					

※1 Ауыстырып қосқыш «Off» күйіне қойылғанда энергия тұтынуы шамамен 0,3 Вт-ты құрайды, (штепсель қосулы болса)
※2 Ылғалдау дәрежесі бөлмедегі ылғалдылық пен температураға байланысты өзгеруі мүмкін.)
※3 Егер бакта су болса, онда аспап бұл суды бірқалыпты ылғалдау үшін пайдаланады, (бактағы су көлемі біртіндеп азаяды)

Қосымша жабдықтар

● Ауыспалы құрамдас сүзгі



Үлгі №. **F-ZXHP55Z**

● Ауыспалы иіс кетіргіш сүзгі



Үлгі №. **F-ZXHD55Z**

● Ауыспалы ылғалдауыш сүзгі

Сүзгінің жақтауы мен пластина-сынсыз



Үлгі №. **F-ZXHE50Z**

Дилерге қоңырау шалыңыз

Ауа көлемінің барлық көрсеткіштері жыпылықтап тұр. Негізгі аспап зақымдалған.
Қуат кәбілін суырып, жөндеу бойынша дилерге хабарласыңыз.
Жасалған күнін сіз құрылғының артқы бөлігінде орналасқан нөмір бойынша біле аласыз.

XX XX XX
- 5 - және 6 - : Күні
- 3- және 4-: Айы (цифрлық мәнде) 01-Қаңтар, 02 - Ақпан, ... 12-желтоқсан
- 1 - және 2 - : год (жыл нөмірінің соңғы саны) 09-2009,10-2010, 11-2011

Бұйым осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қолданылатын техникалық стандарттарға қатаң түрде сай қолданылған жағдайда өндіруші осы бұйым үшін белгілеген қызмет ету мерзімі жасалған күннен бастап 7 жылға тең.

Панасоник Корпорейшн
© Панасоник Эколоджи Системс Гуангдонг Ко., Лтд.2013

Веб-сайты: http://panasonic.net
© Панасоник Эколоджи Системс Гуангдонг Ко., .2013

Қытайда басылды
VXH5R8950AC
X1013-1123